

**«Мамандық таңдай білеміз бе?»**

# Дәйексөз

«Егер мамандықты таңдап алуда сіздің жолыңыз болса және осы жолда өміріңізді сарп ететін болсаңыз, онда сіз бақытты болғаныңыз»

К. Д. Ушинский

Ж.Аймауытов “Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе” деген екен.

# Өзің келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, ойыңды жазбаша дәлелде .

- Мамандық бір-ақ рет біржола таңдалады.
- Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты.
- Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.
- Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек.
- Ақша болса, мамандық қажет емес.
- Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым анықтайды.
- Мамандық таңдау-күнкөріс көзі.

# «Жағдаяттық сұрақтар»

1. Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде не істер едің?
2. Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?
3. Өз бойыңда қандай қасиеттер бар?
4. Егер таңдау шектеулі болса қандай мамандықты қалар едің? (моторист, аспазшы, даяшы, бағбан, жүргізуші, күзетші, электрик, дәнекерлеуші)
5. Сен мұғалім болуды армандайсың. Мұғалім мамандығын қатты ұнатасың. Бірақ өзіңе ұнамаған мамандықтың грант иегері атандың. Ол мамандыққа жаның қас. Не істейсің?

**«Қай мамандық лайықты?» ойыны.** Ойынның шарты бойынша бес саусақты қағазға бастырып, ортасын дәлдеп табады. Сол нүктеден әрбір саусаққа сызық жүгізеді. Сызықтың ұзындығына қарай лайықта мамандықты таңдай алады.

- **I саусақ-** басқарушы
- **II саусақ-** заңгер, қорғаушы, әскери адам
- **III саусақ-** дін адамы, саясаткер, тарихшы
- **IV саусақ-** өнерге бейім, архитектор, әнші, биші, суретші, дизайнер
- **V саусақ -** дәрігер, шипагер

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

БЕЙІМДІЛІК

ҚАБІЛЕТ

# Қорытынды

- Мамандық таңдауда адспаған абзал. Себебі ол сенің болашақ өміріңді шешеді.
- “Отанның болашағы, мемлекеттің келешегі жастардың қолында, яғни сендердің қолында, сондықтан олардың өрісті ойы, өркенді ісі, табанды тіршілігі тек біліммен ұштасқан біліктің арқасында биік белестерге жетеді” деген Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.